

FTAMP: 16.21.33

Н.С. Әміржанова 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан.

*E.mail: nazira.amirzhanova@mail.ru

СӨЗСАПТАМ: БАЙЛАСЫМ МЕН ТҮТАСЫМ

Аннотация. Қазақтың дәстүрлі сөзсаптам үлгілерінің қайнар көзі – көркем шығармада. Көркем шығармадағы әрбір жекелеген мәтін – сөйлеудің туу процесінің жемісі ретінде белгілі бір ойдың синтезделген көрінісі. Мәтін – тілдік қызметтің, тілдік танымның «лабораториясынан» қайнап шығатын нәтиже. Мәтін жазушының сөзсаптау мәдениетіне де байланысты. Демек, мәтіндегі сөзсаптамдық жүйені танып-білу дегеніміз – ойдың құралу жолдарын тануға ұмтылу дегенмен сәйкес. Ал ойлау сөздің байласымы мен тұтасымынан көрінеді. Сондықтан мақалада Ғ.Мүсіреповтің сөзсаптауындағы байласым мен тұтасым сияқты мәтін лингвистикасының негізгі категориялары өзара байланысты қарастырылады.

Сөзсаптамның іргелі компоненті ретінде алынған мәтін кез келген сөйлемдердің кездейсоқ жиынтығы емес, мағыналық, логикалық, грамматикалық жағынан ұйымдасқан сөзжұмсам бірлігі ретінде қарастырылады. Сөзсаптамда мәтінді құрайтын бірліктер тілдік жақтан бір-бірімен байласымға түсіп, ойдың басталуы, дамуы, аяқталуына назар аудартады. Бұл мәтін нормасына да тиесілі болса да, сөзсаптам үшін де маңызды, себебі сөзсаптамда жекелеген сөздің емес, тұтас мәтіннің өзі қандай орында, қандай жерде, қандай ортада, қолданылуы орынды, лайықты деген мәселеге де бақылау жасайды. Тіл және сөз мәдениетінің, стилистиканың, мәтін лингвистикасының объектісіне жататын сөз, мәтін нормасын қарастыру арқылы сөзжұмсам нормасын анықтау да алдағы міндеттердің бірі.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ тілінің дәстүрлі сөзсаптам үлгілерінің прагматикасы» (ЖТН АР08856640) атты мемлекеттік грант жобасы аясында жазылды.

Тірек сөздер: сөзсаптам, мәтін, байласым, тұтасым, тіл, сөз.

Н.С. Амиржанова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан.

*E-mail: nazira.amirzhanova@mail.ru

РЕЧЕПРОИЗВОДСТВО: СВЯЗНОСТЬ И ЦЕЛОСТНОСТЬ

Источником традиционного казахского высказывания (сөзсаптам) является художественная литература. Каждый отдельный текст в художественном произведении – это синтезированное выражение определенной идеи в результате процесса зарождения речи. Текст – результат «лаборатории» языковой деятельности, языкового познания. Текст также зависит от словарного запаса писателя. Следовательно, знание системы слов в тексте – это то же самое, что пытаться распознать способы, которыми форми-

руются идеи. С другой стороны, мышление – это комбинация слов и фраз. Поэтому в статье рассматриваются основные категории лингвистики текста, такие как связность и целостность в рассказах Г. Мусрепова.

Текст полученный в качестве фундаментального компонента словообразования, рассматривается не как случайный набор любых предложений, а как единица словообразования, организованная в смысловом, логическом, грамматическом отношении. В словообразовании единицы, составляющие текст, связаны друг с другом с языковой стороны, обращая внимание на начало, развитие, окончание мысли. Это важно и для словообразования, хотя и относится к норме текста, так как в словообразовании контролируется вопрос о том, в каком месте, в какой среде, уместно использование не отдельного слова, а всего текста в целом. Определение нормы словообразования путем рассмотрения нормы слова, текста, относящейся к объекту языковой и речевой культуры, стилистики, лингвистики текста также является одной из предстоящих задач.

Статья написана в рамках государственного грантового проекта Министерства образования и науки Республики Казахстан «Прагматика образцов традиционной речи казахского языка» (ИРН АR08856640).

Ключевые слова: речеобразование, текст, связность, цельность, язык, слово.

N.S. Amirzhanova

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

* E-mail: nazira.amirzhanova@mail.ru

RECEPTION: CONNECTION AND INTEGRITY

Abstract. The source of the traditional Kazakh saying (sözsaptam) is fiction. Each individual text in a work of fiction is a synthesized expression of a certain idea as a result of the process of speech generation. The text is the result of the “laboratory” of linguistic activity, linguistic knowledge. The text also depends on the vocabulary of the writer. Therefore, knowing the system of words in a text is the same as trying to recognize the ways in which ideas are formed. On the other hand, thinking is a combination of words and phrases. Therefore, the article examines the main categories of text linguistics, such as coherence and integrity in G. Musrepov’s stories.

The text obtained as a fundamental component of word formation is considered not as a random set of any sentences, but as a unit of word formation organized in semantic, logical, grammatical terms. In word formation, the units that make up the text are connected to each other from the linguistic side, paying attention to the beginning, development, and ending of thought. This is also important for word formation, although it refers to the norm of the text, since word formation controls the question of where, in what place, in what environment, it is appropriate, appropriate to use not a single word, but the whole text as a whole. Determining the norm of word formation by considering the norm of the word, the text relating to the object of linguistic and speech culture, stylistics, linguistics of the text is also one of the upcoming tasks.

The study was conducted within the framework of the state grant project of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan “Pragmatics of the examples of Kazakh language traditional speech” (IRN АR08856640).

Key words: word formation, text, coherence, integrity, language, word.

Кіріспе

«Сөз – сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі қарығып түсіріп тұратын сөйлем айтайын деген ойынды оқушыға дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескеретін бір нәрсе, әр сөздің ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы, ең үлкен арман осында» деген Ғ.Мүсіреповтің өз сөзі барлық шығармаларына негізгі қағидат ретінде жұмсалғандай. Қаламгер тақырыпқа лайық ой мен сөзді кестешінің бізіндей әсемдеп, өзіне керекті сөздерді бір-біріне үйлестіріп, маржандай тізіп, орынды қолдана білген. М.Серғалиев: «Ғ.Мүсірепов мыңдаған оқырмандарға эстетикалық тәрбие беруді міндет тұтқан көркем шығарма жазумен шектелмеді. Әйгілі сөз шебері жазушылық өнердің қыр-сырларына, сөзді орнымен пайдалана білуінде» (Серғалиев, 2003: 5) дейді. Шындығында да, сөз қадірін жете түсінетін майталманның романдары мен повестері, әңгімелері мен публицистикалары келер ұрпақтың көңілдерінен шығып отыруы сөздің сапасына ерекше мән беруінде. Ғ.Мүсірепов әр сөздің орнын білетін, тосын сөздерді ебін тауып, оқушы түсінетіндей етіп ұсына алатын шешен жазушы екенін шығармаларын оқыған сайын мойындай түсесің.

Әр жазушының өзіндік қалыптасқан стильдік ерекшелігі, сөзсаптамы болатыны белгілі. Мысалы, М.Әуезовтің сөзі өрнекке, сұлу сөзге тұнып тұрса, Ж.Аймауытовтің сөзі төгіліп тұратын өлең сияқты ұйқасты, үйлесімді. Ал Ғ.Мүсіреповтің сөз өрнегі сырлы да, салиқалы сөзге бай әрі артық деп бір сөзін де алып тастауға көнбейтін сөйлемдерімен ерекшеленеді.

Осы кезге дейін Ғабит Мүсіреповтің сөз өрнегі, сөз кестесі, жұмсаған көріктеуіш амалдары, стильдік-тілдік ерекшеліктері сөз етіліп, біршама талданды. Сөзсаптау даралығы жағынан оқырмандарына етене таныс болғанымен, сөзсаптау шеберлігі тілтанымдық тұрғыдан әлі де зерттеуді, талдауды қажет етеді. Белгілі жазушының шығармаларындағы сөзсаптау өнерін ғылыми тұрғыдан қарастырғанда, оны қалай зерттеу керек, ғылыми ізденіс неден басталып, неден аяқталатуға тиіс, зерттеуші қандай мәселелерді қамтуға міндетті, тілдік фактілерді жіктеу, түсіндіру, талдау принциптері қандай болмақ т.б. осындай толып жатқан сұраулар көркем әдебиеттегі сөзсаптауды зерттеушілердің алдында тұрады. Өйткені бұл проблемалардың басы ашылмаған, әлі зерттеу нысанына жіті алынбаған мәселе.

Материал және әдістер

Ғ.Мүсіреповтің сөзсаптаудағы байласым мен тұтасымды талдау үшін жазушының 5 әңгімесі негізге алынды. Әңгімелері сөзсаптаудық тұрғыдан талдана отырып, бөлшектен бүтінге, бүтіннің бөлшекке қарай әдісі қолданылды.

Әдебиетке шолу

Мақалада профессор Н.Уәлидің сөз мәдениетіне қатысты концептуалды тұжырымдары негізге алынды. Сонымен қатар мәтін лингвистикасына қатысты М.Ахметованың еңбегі, мәтінді коммуникативтік тұрғыдан зерттеген Л. Каменскаяның және А.Жаңабекованың еңбектері негізге алынды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Қазақтың дәстүрлі сөзсаптамын зерттеудің проблемалары, мақсаты мен міндеттері, көлемі мен әдістері, принциптері мен тәсілдері, негізгі ұғымдары мен терминдері, түбегейлі шешілген деп айтуға болмайды. Мұның себебі қазақ

филологиясында көркем шығармадағы сөз өнері коммуникативтік, прагматикалық тұрғыда аз зерттелуінде.

Қазақтың дәстүрлі сөзсаптам үлгілерінің қайнар көзі – көркем шығармада. Себебі көркем шығармада тіл үш түрлі сапада көрініс табады. Олар сөйлеу тілі, әдеби норма үлгісі және тіл өнер туындысы ретінде көрінеді. Осыған байланысты шығармадағы сөзсаптам үлгілерін алуудағы негізгі мақсат мынадай себептерге байланысты:

1. Сөзсаптам – өнер тілі ретінде де қарастырылады. Себебі сөз өнері арқылы болмыс-бітім, ұлттық жаратылыс, тұрмыс, тіршілік, халықтың қалыптасқан дәстүрі мен моральдық мұрасы, ерекшелігі танылады.

2. Сөзсаптам – әдебиет пен тіл арасындағы аралық сала. Сондықтан көркем шығармаға желі етіп алған арқау, ондағы әртүрлі образдар, жүйесі, композициялық тұтастық тілдік бірліктер тіл арқылы көрінеді. Сондай-ақ көркем шығарма жай қатынас құралы ғана емес, ол коммуникативтік қызметпен бірге эстетикалық қызмет атқарып, оқырманға эстетикалық ләззат береді.

3. Көркем шығармада ұлттық ойлаудың озық формасы болады. Ал ұлттық ойлау дәстүрлі тілмен байланысты көркем шығармада көрініс табады. Тіл арқылы ұлттық сөйлеу мәдениеті, ұлттық болмыс, өмір, тіршілік, дүниеге көзқарас қалыптасады.

Көркем шығармадағы әрбір жекелеген мәтін – сөйлеудің туу процесінің жемісі ретінде белгілі бір ойдың синтезделген көрінісі. Мәтін – тілдік қызметтің, тілдік танымның «лабораториясынан» қайнап шығатын нәтиже. Мәтін жазушының сөзсаптау мәдениетіне де байланысты. Демек, мәтіндегі сөзсаптамдық жүйені танып-білу дегеніміз – ойдың құралу жолдарын тануға ұмтылу дегенмен сәйкес. Ал ойлау сөздің байласымы мен тұтасымынан көрінеді.

Фабит Мүсіреповтің сөзсаптау ерекшелігін талдауда сөздің байласымы мен тұтасымы деген лингвистикалық ұғым-түсінікке ерекше мән беру қажет етеді. Себебі бұл лингвистикалық категориялар мәтіннің сапасын айқындайды.

Байласым – көлденеңнен (бір сөйлем екіншісімен, ол үшінші сөйлеммен байланысады), ал тұтасым тігінен айқындалатын белгілер (күрделі фразалық тұтастық, абзац, бөлім, тарау) (Ахметова 2008: 53).

Сөзсаптамдағы байласым мен тұтасымды ашу үшін Ғ.Мүсіреповтің 5 әңгімесін негізге алдық. Себебі бұл шығармалардан ұмыт қалған, дәстүрлі қазақ тіліндегі нормалар айқын көрініп отырады.

Біздіңше, байласым шығарманың түріне байланысты болады. Мысалы, поэтикалық шағырманың байласымы фонетикалық деңгей арқылы көрінеді. Фонетикалық жағынан ұйқасқан тіл бөлшектері өлеңнің көркемдігін, эстетикалық әсерін сақтап, ұғыну мен жаттауға негіз болады. Ал прозалық шығармада лексика-грамматикалық деңгей ескеріледі. Салыстырыңыз:

(1) Біреуден біреу артылса,
Өнер өлшеніп тартылса,
Оқыған, білген – білген-ақ,
Надан – надан-ақ сан қылса.
Оқыған білер әр сөзді,
Надандай болмас ақ көзді.
Надан жөндіге жөн келмей,
Білер қайдағы шәрғезді.
Надан қуанар, арсандар,
Таңырқап тұра қалсандар.
Татымды ештеме болмас,

Адамсып босқа талтандар.

Мұндағы са, -ді, -дар қосымшалары ритмикалық тұтастықты және байласымды қамтамасыз етіп тұр. Ал байласымның прозалық шығармадағы көрінісін Ғ.Мүсіреповтің «Әмина» атты шығармасынан көрсеткіміз келеді:

(2) *Екі тау ығымен соқтығысып бірін-бірі орнынан қозғай алмай тұрып қалған сияқты. Егізкөлдiң бергiсi кiшiрек болушы едi, соның бар суы лықсып келiп, тас кемерiнен бiр-ақ ырғып түстi. Лақ етiп ақтарылды. Сарқырап жататын құлама суды көмiп жiбердi. Үйдей тастар гүрiлдетiп домалап келедi. Терең сайдың екi жақ ернеуiн су кернеп, кемiрiп, кеңейтiп келедi. Тау төбесiнен құлап түскен құж тастар шошынып, үрiккен тау өгiздей жосып, ақтарылған судың алдында келе жатыр. Жойқын су кейде ондаған тау өгiздi жұтып жiбередi. Ұзамай ондаған тау өгiз судан шыға келiп, тағы да iлгерi домалайды.*

Мұндағы ақтарылды, жіберді, келеді, шошынып, жосып, жіберді, домалайды сияқты сөздер етістіктің қимыл әрекетін білдіріп, шақтық мағынада жұмсалып, сөйлемдерді өзара сабақтастыра байланыстырады.

Әрбір сөз тыңдаушыға не оқырманға ерекше әсер ету үшін құрылатынын ескерсек, сөз саптаудағы әрбір компонент өзара үйлесімді гармонияны талап етеді. Ғ.Мүсіреповтің қай әңгімесін алсақ та, эстетикалық қызметі айқын, әр сөз бір-бірімен үйлесімді байланысып, оқырманға жақсы, сенімді, нақты да айқын әсер ете алады. Мысалы:

(3) *«Екі тау ығымен соқтығысып бірін бірі орнына қозғай алмай шіренісіп тұрып қалған сияқты. Егізкөлдiң бергiсi кiшiрек болушы едi, соның бар суы лықсып келiп, тас кемерiнен бiрақ ырғып түстi. Лақ етiп ақтарылды. Сарқырап жататын құлама суды көмiп жiбердi. Үйдей тастар гүрiлдетiп домалап келедi. Тау төбесiнен құлап түскен құж тастар шошынып үрiккен тау өгiздей жосып, ақтарылған судың алдында келе жатыр. Жойқын су кейде ондаған тау өгiздi жұтып жiбередi. Ұзамай ондаған тау өгiз судан шыға келiп, тағы да iлгерi домалайды».*

Келтірілген мәтінде әр сөздің талғаммен жұмсалғанын байқау қиын емес. Мұнда судың бірнеше түр-сипатын көрсететін тіркестер берілген: *құлама су, ақтарылған су, жойқын су, өгіз су*. Жазушы бұл тіркестерді қолдануында үлкен мән бар. *Құлама су, ақтарылған су, жойқын су, өгіз су* сөз тіркестері арқылы аз сөзбен көп мағына беріп, тілді ықшам, жинақы, дәл әрі анық жұмсап, сөйлемдердің өзара байланысын бекіткенін байқауға болады.

Байласым категориясы сөйлемдердің өзара мағыналық-тұлғалық жағынан байланыса келіп, біртұтас мәтінді ұйымдастыруға негіз болады. Егер мағыналық тұлғалық жағынан сәйкеспейтін сөйлемдерді бір мәтінді ұйымдастыруда қолданатын болсақ, онда ол әр нәрсенің басын шалған түсініксіз, шалағай дүние болып шығатын еді.

Тілде байласымның екі түрі бар. Олар эксплицитті және имплицитті деп бөлінеді. Эксплицитті байласым деген мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара формалды тілдік бірліктер арқылы ашық байланысуы. Ал имплицитті байласым мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара мағына бірлігі арқылы жасырын байланысы (Ахметова, 2008: 54). Байласымның бұл екі формаларын іргелес және алшақ деп те алуға болады. Ғ.Мүсірепов шығармаларында осы екі байласым түрін бірдей қолданып, әңгіменің өрбун дамытып отырған. Мысалы:

(4) «Сары атан аяғын тәкаппар басып келе жатқан себебі – ол ғасырлар бойы қазақ елінің тарихын арқалап, тербетіп келдім деп ойлайды. Тарихи еңбегім үшін «Шаңырақ атан» атандым деп сенеді. «Шаңырақ» үй деген сөздің баламасы екенін білетін сияқты. Өзім де тарихи жануармын, жалқау далада жалқау аяндасам да қазақ тарихын

арқамнан түсіріп алмай әкеле жатырмын. Қазақ атын жоғары ұстадым. Сондықтан қалай пандансам да иір-шиыр бойыма жараса береді дейді.

Сары атанның тәкаппар ойының дәлелдері де тәкаппар:

– Қазақ, ең сұлуын «Бота көз», ең жүйрігін «Бота тірсек» дейді. Бір елдің қол жетпес сұлуы мен әсел жетпес жүйрігін теңеуге мені қалап алса, сірә менде қандай олқылық болуы мүмкін?..

– «Боз інген» күйі деп тартқанда боз торғай шырылдауын, бұлбұл сайрауын қояды. Қазақ елі қайдағы қажыған күндерінің зәрлі зарын төгіп, шерін ақтарғандай болады. Азусыз аз ғана ел азғын күндерінің аянышты халдерін айта алатын мұңды күйді, зарлы үнді бізден тапқан. Алды жар, арты жау қамалаған ділгер ел, жау жетегінде кетіп бара жатқанда шерлі жүрегін осы «Боз інген» күйімен босатқан. Шексіз қуанышы мен түпсіз қайғысын осы күй арқылы жете айта алған...

– Жасыған жан болсын, қалжыраған халық, болсын, ең жіңішке, нәзік сезімдерін біздің мойынға артуынын өзі басқа жануарлардан бір мойнымыз артық тұрғанын дәлелдейді, – деп сенеді Сары атан.

Бұл үзінді Ғ.Мүсіреповтің «Талпақ танау» әңгімесінен алынды. Жоғарыдағы бірінші үзінді өзара іргелес байласымды («Сары атан аяғын тәкаппар басып келе жатқан себебі – ол гасырлар бойы қазақ елінің тарихын арқалап, тербетіп келдім деп ойлайды. Тарихи еңбегім үшін «Шаңырақ атан» атандым деп сенеді) түзіп тұр. Ал «Боз інген» күйі деп тартқанда боз торғай шырылдауын, бұлбұл сайрауын қояды. Қазақ елі қайдағы қажыған күндерінің зәрлі зарын төгіп, шерін ақтарғандай болады» деген сөйлем мен «Жасыған жан болсын, қалжыраған халық, болсын, ең жіңішке, нәзік сезімдерін біздің мойынға артуынын өзі басқа жануарлардан бір мойнымыз артық тұрғанын дәлелдейді, – деп сенеді Сары атан» сөйлемдері алшақ байланысқа түсіп, мағыналық жағынан үйлесімді тұтасымды көреміз.

Айта кетерлік жайт, профессор Н.Уәли: «Қазақ әдебиетінің классигі Ғ.Мүсірепов көркем шығармаларының оқырманды баурап алуының сыры риторикалық тәсілдерді, стильдік амалдарды шебер қолдануында ғана емес, оқырманға бейтаныс тілдік емес білімдер жүйесін ашып беруімен де байланысты», – дейді (Уәли, 2021: 59). Бұл мәтіннің ақпараттық құндылығы тек сөз шеберлігінде ғана емес, оқырманға жаңа тың ақпарат беруінде. Мысалы, жоғарыдағы мәтіннен оқырманына жаңа, тың ақпарат беріп отырғанын да байқаймыз: «Боз інген» күйі деп тартқанда боз торғай шырылдауын, бұлбұл сайрауын қояды. Қазақ елі қайдағы қажыған күндерінің зәрлі зарын төгіп, шерін ақтарғандай болады. Азусыз аз ғана ел азғын күндерінің аянышты халдерін айта алатын мұңды күйді, зарлы үнді бізден тапқан. Алды жар, арты жау қамалаған ділгер ел, жау жетегінде кетіп бара жатқанда шерлі жүрегін осы «Боз інген» күйімен босатқан» Бұл мәтіннен оқырман «Боз інген» атты күй бар екенін, оны тыңдағанда тіпті бозторғай шырылдауын, бұлбұл сайрауын тоқтатынын, сөйтіп айнала жым-жырт болатынын, жау жетегіндегі қазақтардың күйін сөзбен сурет салғандай көрсете білген.

О.Л.Каменская мәтінді коммуникативтік бірлікке жатқызып, әрбір сөйлемнің беретін мағынасы келесі сөйлеммен іштей байланысып жатады деп, «Мәтін құраушы элементтер деп танылған сөйлемдер субтекске бірігіп барып тұтастыққа енеді. Әрбір сөйлемнің мағынасы бір-біріне байлаулы болып келеді де, бір сөйлемнің екіншісімен байланысуы сол элементтердің өзара байланыстарының негізінде жүзеге асырылады» деген (Каменская, 1990: 64). Сонымен мәтіннің ішкі құрылымдық жүйеге ие бірлік екендігі және ол құрылымның бар болуы – мәтін құрамындағы сөйлемдердің өзара

ішкі мәтінді байланысқа түсіреді. Екі не одан да көп элементтердің арасында байланыс сөз тіркестері арқылы көрінеді.

Сөз тіркесі мәтін ішіндегі құрылымдық-семантикалық байланыстылығы жағынан тек бір сөйлемнің ішінде ғана қалып қоймайды. Бір сөйлемнің мағынасын құрауға қатысқан сөз тіркесі тұтас сөйлем мағынасының кіші бөлшегі бола отырып, келесі сөйлемге мағыналық жағынан тізбектеледі. Сөйтіп, бір сөйлемнен келесі сөйлемге, одан үшінші сөйлемге ұласпалылық арқылы сөз тіркесі тұтас мәтіннің мағынасын жасауға негіз болады (Құрманова, 1999: 56).

Ғ.Мүсіреповтің шығармаларын талдау барысында мәтіндегі сөз тіркестері үй қабаттарын құрайтын кірпіш сияқты, сөзсаптамды құраушы негізгі элемент екенін байқадық. Сөз тіркестері өзара сөйлемдерді байланыстырып, мәтіннің тұтастығын қамтамасыз етіп, жалпы тақырыпқа сәйкес бір өріске ұйыса, үндесе бірігетінін де байқадық. Бұл сөзімізді Ғ.Мүсіреповтің «Ақлима» атты шығармасы арқылы дәлелдейміз.

(5) Ана! – деп басталыпты жауынгер хаты. Жалын атқан ыстық леп шыққан «Ана, апатайым!» деген сөздер дүние жүзіне айғай салып тұрғандай.

– Апатайым-ай, сағындым ғой, – дегеннен кейін тізіле қалған көп ноқаттар ыршып түсіп домалап-домалап кеткен көз жасына ұқсайды.

Мүмкін, хатты алқынып отырып, асығып жазған адамның булығып келіп алқымға тірелген сағынышы ағытылып шығарға сөз таппай, түйіліп қалып, көп ноқатқа айналған шығар! Мүмкін, анасын қатты сағынған баланын он беттік хат жазса да, бар айтары осы бір ғана сағындым ғой деген қуанышты күрсініс күйі болар.

Хатты алып тұрған Ақлима апайдың да жан жайлауы бір ғана сағыныш күйіне лық толы жүретін еді. Майданға кеткелі бес жыл болған жалғыз ұлы Қасымнан екі жылдан бері хабар жоқ-ты. Сондықтан ана жүрегі жел үрлесе де ызындап тұратын қатты бұралған домбыра шегіндей әрбір нәзік үнге қосыла кететін.

Хатты оқып тұрған жаудыраған қой көзді, сұнғақ бойлы Нұрилла «сағындым ғой» дегеннен кейінгі көп ноқаттарға сүрініп кеткендей аз ғана кідіріп қалғанда, ана жүрегі бұрқ етігі бұзып шыққан ыстық ірі жас тамшылары стол үстіне тырс-тырс тамып кетті. Нұриланың да жаңа ғана ашыла бастаған қызыл гүлдей үлбіреген қызыл еріндері дір қағып, биік ақ маңдайы қызара қалып еді.

Үзілуге айналған үмітін қайта бір жалғап әсіберу үшін келген хатты қолына алғанда, Ақлима апай «балаңнан» дегеннен басқасын байқаған да жоқ. – Өз баласы Қасым туралы келген қара қағаз сандық түбінде жатса да, мәңгі үзілмес ана үміті – «балаң міне тірі табылды!» деп, торғайдай шырылдады. Жасқа толы көздерін қорши пәтердің террасасына жүгіріп шыға берген Нұриллаға бір жалт еткізіп қалып, Ақлима:

– Нұркешан, бері келші, – деді қолындағы хатты көрсетіп.

Соғыс кезінде бір тілекті адамдар бір ғана түн бірге түнеп шықса да, бірінің қуаныш-қайғысына бірі оп-оңай ортақ болып қала береді. Осы пәтерде екі айдан бері көрші тұратын Ақлима мен Нұрилла да көп сырларына ортақтасып кеткен жандар еді.

Биік өкшелі ақсұр туфли киген әдемі аяқтарын террасаның аралық жақтауларынан сылаң еткізіп бір-ақ ырғытты да, Нұрилла дік етіп бері түсті. Нәзік қана қызғылтқа боялған ақ жүзі қуаныш сезінгендей, еркелеу күліп кеп, Ақлиманың қолындағы хатты алды.

– Қуаныш үстінде жылайтын болсаң, оқымаймын, – деп, әуелі Ақлимаға еріксіз бір езу тартқызып алып еді, енді міне, «сағындым ғой» дегенді оқығанда Нұриланың өз

даусы да қалтыраңқырап, аз гана кідіріп қалды. Жұп-жұмыр аппақ мойнында көгілдір тартып тұрған екі күре тамырдың да лып-лып соққаны көрініп тұр. Өзегіннен өтердей тіктеу қарайтын көздерінің жанары жасқа шыланып барады. Әр саламен ақса да алдеқайда түйісіп қалатын өзен суындай, екі көңілдің төркіндес бір мұңы тоғысқалы келе жатқан сияқты. Дал осы жерде екі әйелдің жүрегі де домбыраның екі шегіндегі екі түрлі бұралса да бір күйге келіп, бір күйге қосылып тұр еді.

1-бөліктің тақырыпшасы – «Жауынгер хаты» деп алуға болады. Біздің ойымызша, бұл бөлікті келесі бөлікпен байланыстырушы дәнекер «Хатты алып тұрған Ақлима апайдың да жан жайлауы бір ғана сағыныш күйіне лық толы жүретін еді» деген сөйлем.

2-бөліктің тақырыпшасы – «Ақлиманың жан-күйі» деп атауға әбден болады. Бұл бөлікпен келесі бөлікті байланыстырушы дәнекер «Үзілуге айналған үмітін қайта бір жалғап жіберу үшін келген хатты қолына алғанда, Ақлима апай «балаңнан» дегеннен басқасын байқаған да жоқ».

3-бөліктің тақырыпшасы – «Нұриланьң жан күйі» деп алуға болады. Бұл бөлікке мына сөйлем дәнекер болып тұр «Соғыс кезінде бір тілекті адамдар бір ғаия түн бірге түнеп шықса да, бірінін қуаныш-қайғысына бірі оп-оңай ортақ болып қала береді» деген сөйлем

4-бөліктің тақырыпшасы – «Соғыс кезіндегі бір телекті адамдар» деп алуға болады. Бұл бөлікке мына сөйлем дәнекер болып тұр «Қуаныш үстінде жылайтын болсаң, оқымаймын..» деген сөйлем.

5-бөліктің тақырыпшасы – «Қуаныш үстіндегі Ақлима мен Нұриланьң жан күйі» Бұл бөлікке мына сөйлем дәнекер болып тұр «Одан арғы жағы ағын су жайылмасына жеткендей, кең жайылып, тыныш аққандай екен».

Енді осы тақырыпты ашуға қызмет етіп тұрған сөз тіркестерінің тізбегін бақылап көрейік:

Бірінші бөлікте қолданылған сөз тіркестері: *жауынгер хаты, ыстық леп, көз жасы, алқымға тірелген сағыныш, ағытылып шыққан сөз, он беттік хат, қуанышты күрсініс күйі;*

Екінші бөлікте қолданылған сөз тіркестері: *апайдың жан-жайлауы, сағыныш күйі, жалғыз ұлы, ана жүрегі, нәзік үн.*

Үшінші бөлікте қолданылған сөз тіркестері: *қой көзді, сұңғақ бойлы Нұрила, ана жүрегі, жас тамшылары, үлбіреген қызыл еріндері, биік ақ м аңдай, жасқа толы көздер.*

Төртінші бөлікте қолданылған сөз тіркестері: *қолындағы хат, бір тілекті адамдар, биік өкшелі, ақсұр туфли, ақ жүзі.*

Бесінші бөлікте қолданылған сөз тіркестері: *езу тарту, өз даусы, аппақ мойын, екі күретамыр, көздерінің жанары, жасқа шылану, екі көңілдің төркіндес бір мұңы, әйелдің жүрегі, домбыраның екі шегі, күйге қосылу.*

Тұтас үлкен бір тақырып өзін құрайтын кіші тақырыпшаларға бөлінген кезде, олардың қосындысы арқылы тұтас тақырып алынбайды. Керісінше, әрбір кіші тақырып, тұтастың түрлі аспектідегі көрінісін береді. Демек, мәтіннің құрамындағы сөйлемдердің құрылымдық мағыналық жағынан логикалық желіні сақтауына, мәтіннің байласымы мен тұтасымын сақтауға сөз тіркестерінің рөлі жоғарыдағы мысалдардан айқын көрінеді. Сөйлемдердің бір-бірімен байланысуының өзі – сөйлемнің құрамындағы сөз тіркестеріне байланысты екенін көруге болады. Бұдан сөйлем ғана сөзсаптам байласымы мен тұтасымын ұстап тұрушы элемент емес екендігін, сонымен қатар сөз,

сөз тіркесі де сөзсаптамның байласымы мен тұтасымына жауап беретін тілдік бірлік екенін көреміз.

Ғ.Мүсірепов өз шығармаларын бөлшектегенде ерекше прагматиканы еске ұстап отырғанын да байқауға болады. Яғни автор бөлшектер арқылы оқырманның хабарды жеңілдірек түсінуін және бөлшектер арасындағы мезгілдік, логикалық, көркемдік, кеңістіктегі т.б. байланыстарды да бағдарлап отырған. Мысалы:

(6) Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыптын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ-ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.

Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген.

Әрине, ол күннен менің есімде қалған ешнәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім, пайғамбарым кім, табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпаса да ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын: жылауық болмаптын.

– Қайсар болушы ең, жыламайтын едің, – деп, шешем осы күнге дейін әр кезде айтып отырады.

Тегі, ол кезде біздің ауылдарға көп оқиғалар соқпай өте берген сияқтанады. «Асау той, тептек жиын», қызыл жон қырғын, батырлық ерлік жайларын шалдар ғана ертегі ретінде айтып отырушы еді. Апталап, айлап кошетін кездер де атам заманғыға айналған. Қақ қасымызда, торт-ақ шақырым жерде, Торсан ауылы бар. Онын екі баласы болыс, бір баласы торе; безектеген қос қоңырау ол ауылға күнде бір соқпай өтпейді. Ол қоңыраулар осы елдің тыныштығы үшін, қуанышы үшін шылдырамайтынын қай ауыл болса да біліп отырады.

Бұл мәтіннен автордың контекстік-вариативтік сөйлем мүшеленуін ерекше мән бергенін байқаймыз. Бұл да оқырман мен жазушы арасындағы коммуникативтік байланыс қамтамасыз етіп, шығарманың еш қиындықсыз қабылдануына әсер етеді.

Белгілі бір шығарманың сөзсаптамындағы байланыс мен тұтасымын талдағанда синтаксис саласында қарастырылатын тема және ремалық қатынас туралы айту керек. Себебі шығармадағы сөйлеу актісіндегі ой актуалды мүшелену компоненттері тема мен ремалық қатынастардың негізінде өрбиді. Ой бір нәрсе туралы болады да, сол нәрсе туралы ақпарат беріледі. Ойдың негізі – тема болады да, берілген хабар – рема болады. Сондықтан бұл жердегі сөйлеу процесі белгіліден белгісізге қарай жүреді. Белгілі нәрсе туралы ақпарат беріліп, ол үнемі толығып отырады. Мысалы: «Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыптын» деген сөйлем әрі қарай «Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы ХХ-ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен» деген сөйлеммен толыққан. Бұл жердегі мен сөзі темалық қатынаста, қалғаны ремалық бөлшектер. Яғни сөйлеуші тыңдаушыға іштей құралған ақпараттың темасын ғана айтса: Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туыптын деген ақпараттың тыңдаушыға тек темасын ғана айтып, Мен десе, тыңдаушы автор туралы ақпарат алады да, әрі қарай автордың қайда, қай жерде, қандай заманда, қай мезгілде туғаны туралы ақпаратты ала алмас еді. Сондықтан рема айтылым кезінде негізгі ақпарат беру қызметін атқарады деп санауға болады. Ал жоғарыдағы сөйлемді Менсіз айтсақ наурыз күні, киіз

үйде, суық күнде туған белгісіз адам туралы ақпарат белгісіз болып қалады. Алайда ақпарат алдыңғы темасы ғана белгілі болған сөйленімнен гөрі толық сипатта болады. Сондықтан ой өрбуінде сөйленім темасы мен ремасының коммуникативтік қызметі бірдей дәрежеде емес. Рема – ойдың композициялық дамуының негізгі арқауы, ол үнемі дамып отырады. Айтылатын ойдың күрделене беруі де осы ремалық құрылымдардың көбеюімен байланысты. Темаға қарағанда рема сөйлеушінің айтайын деген ойын жеткізеді, тема көршілес сөйлемдер арасындағы байланысты жүзеге асырып отырады. Бір ғана тема бірнеше ремаларға ортақ болып келе береді. Мысалы

(7) *«Батпақтының күні қаңғырған қайыршыдай алыстан, әлдеқайдан көрінеді де, ақшаңдақ аязға оранып алады. Бізді жылыту түгілі өзі тоңып жүргендей бүкшеңдеп, белуардан жоғары көтеріле алмай, буалдыр аязға тез батып кетеді.*

Батпақтының айы мұндай арсыз болар ма? Шығырық атып аспанға шығып алады да, ыржаңдайды да тұрады. Күннің өзі көтеріле алмаған биікке шығып алғанына мастанып жүргендей» (Шұғыла).

Алғашқы абзац Батпақтының күні туралы айтуды мақсат еткен, келесі абзац Батпақтының айы жөнінде әңгімелейді. Бұлар, Батпақтының айы және күні, алғашқы сөйлемдерде де айтушының ойындағыдай болып әртүрлі белгілері арқылы сипатталған, суреттелген. Сөйлеуші (жазушы) бұл мәтінде Батпақтының күні мен айы қандай екенін хабарлауды мақсат еткендіктен, барлық сөйлемнің грамматикалық бастауыштарына осы Батпақтының күні мен айы қайталанып отырады.

Тема – сөйлемнің бастапқы коммуникативтік бөлігі, сөйлеу кезінде берілетін ақпараттың тақырыбы, ал рема – айтылым мағынасын кеңейтетін, дамытатын, байытатын, ойды іргелі қарай жылжытатын жаңа ақпараттан тұрады. Тема сөйлемде көбінесе сөйлемнің бас жағына орналасып, ерекшеленбей айтылады. Яғни тема үшін ерекше интонацияның қажеті жоқ. Ол жай интонациямен, санамалау интонациясымен көмкеріліп тұрады. Алайда тема бұрын келіп, рема кейін келген жағдайда осы екі арада, темалық бөлік пен ремалық бөліктің арасында кідіріс жасауға болады (Жаңабекова, 2012: 24).

Тема айтылымнан жиі түсіріледі. Немесе ол басқа сөздермен алмастырылып қолданыла береді. Әдетте мұндай алмастыруларға тілде есімдіктер ұшырайды. Әсіресе, сілтеу, жіктеу есімдіктері теманы көрсетуге бейім келеді. «Ол», «бұл», «сол», «келесі» дегендердің нелер, кімдер екені контекстен белгілі болып тұрады:

(8) *Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде тұыптын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсытырасы ХХ-ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.*

Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Менсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген.

Әрине, ол күннен менің есімде қалған ешнәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім, пайғамбарым кім, табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпаса да ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын: жылауық болмаптын.

Демеулік шылаулар да теманы көрсете алады. Оны нақты көрсетіп, теманың көрсеткіші болмағанмен, оны сүйемелдеп, анықтай түсуге бейімделеді. Мұндай көмекші сөздер: ғой, болса, ал. Бұлардың ішінде *ғой* және *болса* демеулігі темадан кейін келіп оған

қосымша мағыналық реңк беріп тұрады. Оны нақтылай, айқындай түседі:

(9) «Мен болсам Қайсардың ер жүректігіне қызығып отырмын. Ұзындау қиылған кара көздері қызғылт ұшқын шашып тұрғандай екен. Мынау ғой бәрін құлпыртып қойған! →» (Сөз жоқ, соның іздері).

Ж. Қайшығұлова субституттар мен дейксистердің мәтін түзудегі қызметін айта келіп, олар мәтіндегі сөйлемдерді бір-бірімен байланыстырушы, ұластырушылық қызмет атқарады деп көрсетеді (Қайшығұлова, 2001: 26). Субституттар мен дейксистерсіз мәтін жасау мүмкін емес. Олар барлық стильде айтылатын не жазылатын сөзге қажет тілдік бірліктер. F. Мүсіреповтің де шығармасында субституттар мен дейксистер мәтін ішіндегі сөйлемдерді байланыстырады, ақпаратты күйшейтеді және экспрессиялық мағына беретіді.

Сөйлеуші (жазушы) сөзсаптау алдында айтайын деген сөзін ойша жинақтап құрастырады да, сөйлеу аппараттары (немесе жазу арқылы) арқылы ойын жарыққа шығарады. Ал кез келген сөйлем бір нәрсе туралы хабар береді. Сөйлем белгілі бір ақпарат беру үшін құрылады. Сөйлеуші аузынан шыққан **ақпарат көлемі** әртүрлі болады. Ол ұзақ не қысқа ғана сөйлеуі мүмкін. Сөйлемдегі ақпарат көлемін сөйлеуші айқындайды. Сөйлеуші сөзінің ұзақ, қысқалығы, маңыздылығы т.б. сипаттары тілдегі экстралингвистикалық және интралингвистикалық (тілдік) факторлармен байланысты анықталады. «Бұл жерде сөйлеушіге әсер ететін сөйлеу темасы, тыңдаушының статусы, тұрмыстық жағдайлар, сөйлеу ориентациясы, қалыптасқан дәстүр, әртүрлі қоғамдық нормалар, оның өзінің (сөйлеушінің) тыңдаушымен қарым-қатынас, таныстық дәрежесі, дағды-машығы, компетенциясы т.с.с. толып жатқан әртүрлі экстралингвистикалық факторлармен қатар, түрлі стилистикалық, орфоэпиялық-орфографиялық, семасиология, ономасиологиялық нормалар, грамматикалық заңдылықтар сияқты интралингвистикалық факторлар бар екенін ескеру керек» (Аташев, 1995: 21; Уәли, 2021: 24; Умарова, 2010: 14).

Ақпарат көлемі өскен сайын ондағы жеке бөліктердің ой ішіндегі маңыздылығы кеми береді. Қысқа сөйлемдер арқылы берілген информация мен біртұтас күрделі (құрмалас) сөйлем арқылы берілген информацияның актуалдану жағынан айырмашылығы бар. Мысалы

(10) «*Сусақылдап күлді. ...Әлі жсел. ...Әлі сүілдеп ұлып тұр. ...Ішін тартып азынайды. ...Ұлиды. Кара тұман қайғы айтады. ...Тебін торып торыққан аш қасқырдай ұлиды. Манағыдан да күшейіп алған. Жер-көкті шайқап тұрғандай. Мұз да манағыдай емес, әбден қопарылып кеткен. Сең сықырлап соғыса бастаған. Толқын да, ағыс та күшейген. ...Сеңдер соғысып, бірін-бірі күтталқан қылып жатыр. Бірінің үстіне бірі шығып кетеді. Қайыққа келіп те соқтығады. Қайықты теуіп те жібереді. Қайық орғып анадай кетеді. Былай түзелген болып, екінші жаққа айналып та қалады. Басың айналып, естен танарлық».*

(11) «*Балажан Әмина әр күнді осылай өткізеді. Таңы тез атады. Күні тез батады. Әрбір ертенгі күнге балалар үшін жана қызықтар іздейді. Ертегілер, ойындар, Маршак, Чуковский...»*

«Үш жүк машинасы құйрық тістесіп ағып келеді. Әмина екі қолын бірдей көтеріп жолдың қақ ортасына барып тұрды. Машиналар өкіріп-бақырып – Жолдан кет!– дейді. Әмина қозғалар емес. Машиналар да өкіре түсті. Әмина да қатып қалды. Ара-лары жсиырма метрдей жақындағанда Әмина жолға көлденең құлады да көзін

жұмды. Алдыңғы машина өкіріп-бақырған бойы тізгінін тартқаны сезіледі. Бірақ жыланның қыр арқасындай көп өрнекті резеңке доңғалақ «Ал бастым! Ал бастым!» – деп жақын-дай берді. Әминаның мұрнына күйген резенкениң ыстық иісі келді. Қозғалған жоқ!» (Әмина).

Жоғарыдағы мәтіндегі қысқа сөйлемдерде жеке алғанда ақпарат көлемі шағын, алайда олардың әрқайсысы осы бір табиғат көрінісін нақты, айқын баяндап тұр. Әрбір қимылға, құбылысқа ерекше мән бере отырып, оқырман назарын аударып отырады. Оқушы оқу барысында осы бір аласапыран уақытқа өзі кіріп, араласып кеткендей ерекше әсер алады. Автор қысқа сөйлемдермен оқырманды баурап алады. Демек бұл сөйлемдердің қысқа құрылуында авторлық (коммуникативтік) мақсат бар. Қысқа сөйлемдер автордың күрделі сөйлем құрай алмауынан, жазушының кемшілігі емес, қайта қандай да бір мақсатты көздеген жазушылық шеберлігінен болса керек. Өйткені, жоғарыда берілген қысқа сөйлемдерді біріктіріп, тұтас бір күрделі сөйлем етсек, ол сөйлемнің ішіндегі жеке бөліктерінің информативтілік маңыздылығы, тыңдаушыға әсері осы қысқа сөйлемдердің ішіндегідей болмайды. Және мұндай аласапыран көріністің әр сәтін қадап айтып, осы дәрежеде жеткізе алмас еді. Олай болса, сөйлемнің құрамындағы ақпарат көлемі мол болған сайын, оның жекелеген бөліктеріне назар аударылу бәсеңдеп, маңыздылығы төмендейді. Сондықтан Ғ.Мүсірепов шығармаларында сөзді қысқа, дәл әрі анық беруге тырысқанын байқау қиын емес.

Қорытынды

Сөзсаптамның іргелі компоненті ретінде алынған мәтін кез келген сөйлемдердің кездейсоқ жиынтығы емес, мағыналық, логикалық, грамматикалық жағынан ұйымдасқан сөзжұмсам бірлігі ретінде қарастырылады. Сөзсаптамда мәтінді құрайтын бірліктер тілдік жақтан бір-бірімен байланысқа түсіп, ойдың басталуы, дамуы, аяқталуына назар аудартады. Бұл мәтін нормасына да тиесілі болса да, сөзсаптам үшін де маңызды, себебі сөзсаптамда жекелеген сөздің емес, тұтас мәтіннің өзі қандай орында, қандай жерде, қандай ортада, қолданылуы орынды, лайықты деген мәселеге де бақылау жасайды. Тіл және сөз мәдениетінің, стилистиканың, мәтін лингвистикасының объектісіне жататын сөз, мәтін нормасын қарастыру арқылы сөзжұмсам нормасын анықтау да алдағы міндеттердің бірі.

Information about the author:

Amirzhanova Nazira Serikovna – candidate of philological Sciences, Senior lecturer of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3068-5907>.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Серғалиев М. (2003) Ғабит Мүсірепов және тіл мәдениеті. – Астана. – 112 б.
Ахметова М. (2008) Мәтін лингвистикасы: оқу-әдістемелік құрал. – Орал. – 148 б.
Уәли Н. (2021) Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы. – 424 б.
Каменская О. (1990) Текст и коммуникация. – Москва. – 152 с.
Құрманова Н. (1999) Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі. – Алматы.

- Жаңабекова А. (2012) Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы: «Елтаным». – 156 б.
- Қайшығұлова Ж. (2001) Қазақ мәтіндерінің күрделі фразалық тұтасым// абзац деңгейінде мүшеленуі. – Алматы. – 109 б.
- Аташев С. (1995) Қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің актуалды мүшеленуі. Алматы.
- Уәли Н. (2021) Қазақтың дәстүрлі сөзсаятасы (тілтанымдық үзіктер). – Алматы. – 138 б.
- Умарова Д. (2010) Взаимодействие культуры языка и культурой речи. – Москва.

REFERENCES

- Sergaliev M. (2003) Gabit Musirepov zhane til madenieti. – Astana. – 112 b. [in Kazakh] – the book
- Ahmetova M. (2008) Matin lingvistikasy: oqu-adistemelik qural. – Oral. -148 b. [in Kazakh] – the book
- Uali N. (2021) Qazaq soz madenietinin teorijalyq negizderi. Monografija. – Almaty: «Qazaq tili» baspasy. – 424 bet. [in Kazakh] – the book
- Kamenskaja O. (1990) Tekst i kommunikacija. – M. – 152 s. [in Russian]. – the book
- Qurmanova N. (1999) Syn esimdi oqytu barysynda til damytu adistemesi. – Almaty. [in Kazakh] – the book
- Zhanabekova A. (2012) Funkcionaldy grammatikanyn metatili. – Almaty: «Eltanym» baspasy. – 156-b. [in Kazakh] – the book
- Qajshgulova Zh. (2001) Qazaq matinderinin kurdeli frazalyq tutasym// abzac dengejinde mushelenui. – Almaty. – 109 b. [in Kazakh] – the book
- Atashev S. (1995) Qazirgi qazaq tilindegi sojlemnin aktualdy mushelenui. – Almaty. [in Kazakh] – the book
- Uali N. (2021) Qazaqtyn dasturli sozsaptamy (tiltanymdyq yzikter). – Almaty. – 138 b. [in Kazakh] – the book
- Umarova D. (2010) Vzoimodejstvie kul'tury jazyka i kul'turoj rechi. – M. [in Russian]. – the book